

**ШЖҚ жанындағы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» МКК**  
**кезектен тыс жиналысының хаттамасы**

№ 4

Қарабұлақ ауылы

«16» тамыз 2024ж.

**Төраға: Мусаев Даулет Аманжолович – басшы**

**Хатшы: Ағыбай Толқынай Ақтайқызы – мамандар бөлімінің басшысы**

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талқылап, түсіндірме беру.

**Қатысқандар:** «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының бөлім меңгерушілері мен ауылдық амбулаториялардың аға дәрігерлері мен қызметкерлері.

**Төрағалық етуші Д.Мусаев:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі міндеттері мен қағидаттары.

**Негізгі міндеттері:** Аурухана мен оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету. Мекеме ұжымында жалпы қабылданған моральдық этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

**Қағидаттары:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- Басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің тәуекелсіздігі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін үнемі арттыру болып табылатынын айтты.

Жиналысқа қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдап және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы Д.Мусаев жиналысты қорытындылады.

**Төраға:**

**Д.Мусаев**

**Хатшы:**

**Т.Ағыбай**

